

баламасының бар – жоқтығына қарамастан бұлжытпай қапысыз қабылдай берейік дейдің қисынға келе бермейтінін өмірдің өзі дәлелдеді [4, 19].

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Байтұрсынов А. «Қазақ» газеті.- Алматы, 1998. -5 б.
- 2 Әбілқасымов Б., Мектептегі А. Ахмет Байтұрсынұлы һәм «Қазақ» газеті. // Ұлттық тілдің ұлы тіні / жауапты редактор Е. Жанпейісов./- Алматы: 1999.- 494-505 бб.
- 3 Әуезов М. Аханның 50 жылдық тойы. // Ұлттық рухтың ұлы тіні / жауапты редактор Е. Жанпейісов. - Алматы: Ғылым, 1999. -8–15 бб.
- 4 Қойгелдиев М. Саяси элита және ұлт мүддесі // Ұлттық тілдің ұлы тіні / жауапты редактор Е. Жанпейісов./- Алматы, Ғылым, 1999. -195-210 бб.
- 5 Мырзахметов М. Қ. Жұбанов – қайраткер, ойшыл ғалым // «Жұбанов тағылымы–5» Республикалық ғылыми–практикалық конференциясының материалдары. -Ақтөбе, 2002. -15-20 бб.

Қуанышбекова Айкерім Қуанышбекқызы

«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 2-курс магистранты
"Bolashaq" академиясы, Қарағанды қ.

Ғылыми жетекші:

*Сембиев Құрманғазы Зәкірұлы
"Bolashaq" Академиясы, ф.ғ.к. профессор*

СЫН ЕСІМ ЖАСАЙТЫН ТРАНСФОРМАЦИЯ МЕН АДЪЕКТИВАЦИЯ

Мақалада сын есімдердің жасалуындағы осы ерекшеліктер, негізінен күрделі сын есімдер құрамында да көп өзгеріссіз қайталануына талдау жасалған.

Тірек сөздер: есімше, қашқар, чығыл, аффикс, трансформация, адъективация, актив сөздер, етістік.

Етістік туынды сын есімдер басқа сөздерді меңгеруге, сол арқылы өзіне бағындыруға бейім. Бұл құбылыс олардың этимологиясымен ұштасып жатады. Сөз топтарының ішінде әрі есім мәнін бере алатын, әрі етістіктер сияқты басқа сөздерді меңгере алатындар – қимыл есімдері, есімшелер. Қимыл есімдері бірде құбылыс әрекеттің аты есебінде қолданылса, бірде заттың сапалық сынында білдіре алады. Қай мағынада жұмсалса да, олардың басқа сөздерді меңгеру қабылеті жойылмайды. Есімшелер көбінесе сын, сапа мәнін беріп, сын есім қызметінде жұмсалады. Олар субстантивация арқылы ғана зат есім мәнге ие болады. Қимыл есімдері мпен есімшелердің бойынан осы ерекшелік сол қалпында етістік туынды сын есімдерге қайталады. Қазіргі тілде етістіктерден жасалған сын есімдер деп танылып жүрген сөздердің көне жазбаларда әрі сын есім, әрі қимыл есімі, есімше мәнінде қатар қолданылуы да олардың генезистік бірлігін аңғартады. Бұл ерекшелікті анық байқау үшін кейбір фактілерге назар аудару қажет. Ә.Қайдаров: «М.Қашқари -қ, -ғ аффиксті сөздерді масдарлар тобына жатқызумен қатар, есім мәнінде де қолданылғандығын ескертеді. Ол былай деп жазады: «Чығыл, қашқар, арғу, барсаған, ұшғыр және жоғарғы Чинга қарай орналасқан тайпалардың бәрі» бұл мағынадағы істі істеушіні білдіретін есімшелерді бұйрықтан жасайды. Өткен шақ етістігінің қосымшасы -ды орнына -қ, -г әріптері бар, яғни қатаң айтылатын сөздерге -ғ, одан басқа жұмсақ сөздерге -г қосылады. -ч және -ы (-чы) қалпында қалады. Бұлардың тілінде бар –бұйрық барғучы – істі істеушіні білдіретін есімше. Көне түркі ескерткіштер тілін зерттеушілерде бірсыпыра аффикстердің әрі есім мәнінде, әрі етістік (қимыл есімі, есімше) мәнінде жұмсалатындығын айтады. А.М.Щербак етістіктен жасалған есімдер алғашқы кезде қимыл есімдері не есімшелер түрінде ұсынылғандығын айтады. Олардың біразы сөз жасау жүйесінің ескіруі салдарынан, біразы семантикалық трансформация жолымен зат есімдерге ауысқан. Мехдиханның «Мабани уллуғатында» -ғур тұлғалы сөздер осы шақ мәнін беретін есімше деп көрсетіледі де, оған мынадай мысалдар келтіріледі: учғур ұшқыр т.б. Осы тұлғаның қазіргі қазақ тіліндегі ұшқыр, айтқыр, тапқыр

тәрізді сын есімдер құрамындағы –қыр аффиксінен ешбір өзгешелігі жоқ. Сондай-ақ көне түркі тілінде -ғы, -гі (-қы –кі) тұлғалы қимыл есімдері келер шақ тұлғасын жасаған. Осындай жайды, егер тарихи тұрғыдан қарасақ, қазіргі қазақ тілінен де көруге болады. Қазақ тіліндегі барғым келді, барғысы келді тәрізді күрделі етістік тұлғасына назар аударсақ, -ғы тұлғасының есім мәні көзге түседі. Егер таза етістік тұлғасы болса, ол I жақта м III жақта –сы тұлғасын қабылдамаған болар еді. Бұл жерде бір ғана тұлғаның екі түрлі грамматикалық мән алғандығы айқын. Бірінде (сын есімдер құрамында) лексикализация процесінде ұшырап, өзінің бұрынғы шақ мәнін жоғалтқанын көрсек, бірінде (күрделі етістік құрамында) байырғы грамматикалық мәнін сақтап қалғанын көреміз. Мұның бәрі етістіктерден сын есім жасау байырғы тәсіл, байырғы грамматикалық салт еместігін дәлелдейді. Сөз жасаудың бұл түрі тілдің тарихи даму барысында әр түрлі тілдік заңдылықтар негізінде ғана қалыптасқандығын аңғартады [1, 75-86].

Қимыл есім тұлғаларының сын есім мәнін алып, сын есім жасаудың өнімді тәсіліне айналуының екі түрлі басты жолы бар. Олар: адъективация және трансформация құбылыстары.

Қимыл есім тұлғаларының сын есімге айналуының екі түрлі негізі бар: біріншіден, олар қимыл-әрекет атаулары болып ұғынылады, екіншіден, есімдерге тән қосымшаларды қабылдап, есімдерше өзгере алады. Қимыл есімдерінің екі түрлі жолмен сын есімге айналатыны байқалады. Біріншіден қимыл есімдерінің біразы, түбір де, аффикс те тілдің кейінгі даму барысында көнеленіп, өздерінің бұрынғы мағына мәндерінен айырылуы салдарынан синтаксистік қолданыс барысында есім қызметінде тұрақталып кеткен. Қазіргі қазақ тіліндегі жағымпаз (жақ етістігінен), жарамсақ (жара етістігінен), бұралқы, жинақы, оралғы (бұрал, жина, орал етістіктерінен), өлі, тірі, сары, қызыл, жүргіш, тапқыш, тапқыр тәрізді сын есімдердің пайда болуы осы процестің нәтижесі. Әрине, осылар тұлғалас сөздердің бәрінің сын есімге айналу жолдары бірдей емес. Жағымпаз сын есімнің арғы түбірі – жақ етістігі қазіргі қазақ тілінде актив сөз. Сол сияқты -ым қосымшасы да есімдер құрамында жиі жұмсалады (терім, алым сөздерімен салыстыр). Бірақ жағым туынды сөзі бүгіндей көнеруінің салдарынан -паз қосымшасы арқылы сын есімге айналған. Жарамсақ сын есімі туралы да соны айтуға болады. Сын есімге айналу процесі алдыңғы сөзге ұқсас болғанмен (жара-м-сақ), жара етістігі қазіргі қазақ тілінде басқа мәнде қолданылады. Сөйтіп бұл жерде түбір сөздің семантикалық көнеруін байқаймыз. Бұралқы, жинақы, оралғы сын есімдеріне негіз болған бұрал, жина, орал етістіктері қазіргі тілімізде актив сөздер болсада, олардың құрамындағы –қы аффиксін сол топқа жатқызуға болады. Бұл аффикс қазіргі тілде сын есім тудыратын өнімді тәсіл емес. Қазіргі тілімізде осы аффикс арқылы қалыптасқан сын есімдер түбір есебінде ғана ұғынылады. Оның үстіне, мұндай сын есімдердің кейбіріне негіз болған түбірлер де семантикалық жағынан көнере бастаған. Қазіргі тілде бұрал етістігінің мәні мен бұралқы сын есімінің мағыналары бірдей емес. Алайда бұл екеуі ұялас сөздер екендігі айқын [2, 193].

Өлі, тірі сын есімдері бір кездері өліг, тіріг тұлғалы болғаны мәлім. Соңғы -г –нің түсіп қалуы қазақ тілінің кейінгі ерекшелігі. Оның бер жағында өлі сын есімі өлік пішінінде де қолданылады. (г к) Өл етістігі қазіргі тілде актив сөздер тобына жатса, тірі сын есіміне негіз болған түбір қазір белгісіз. Бұларға тұлғалық ұқсастығы бар, бірақ қазіргі тілімізде тұтас байырғы сын есім деп қаралатын сары сөзі де етістік түбірден -ық, (-ығ) аффиксі арқылы жасалған қимыл есімі. Көне түркілік ескерткіштер тілінде бұл сөз сарығ түрінде кездеседі. Осы түбірден сарғай етістігі жасалған, (көне түркілік ескерткіштерде сарғар тұлғасы да кездеседі). Етістік жасайтын қосымша жалғанғанда, сарығ сөзінің соңғы –ы (г) элементі түсіп қалады. Бұл жай байырғы түбір сар екенін, осы түбірдің семантикалық көнеруі салдарынан арнаулы қосымша арқылы етістік жасалғандығын көрсетеді. Бұл түбір қазіргі қазақ тіліндегі сарсық тәрізді сөздерімен ұялас [3, 53-58].

Түбірдің және қосымшаның көнеруі арқылы адъективацияланғандар -ыл (қызыл, жасыл), -щак (-ашак, -ешек) алашак, берешек, -р (жұмыр, тақыр), -ғыр (білгір, өткір).

Мұндай процесс бір жағынан сын есімдер мен зат есімдерге ортақ тұлғалардың тілімізде көбеюіне жағдай жасаса, екінші жағынан, қимыл есім тұлғалардың сан жағынан азаюына, олардың қатарынан біраз грамматикалық топтардың шығып қалуына әкелді, тілдің сөздік құрамында қимыл-әрекет сапасын білдіретін сын есімдердің молаюына негіз болған.

Қимыл есімдері мен есімше тұлғаларының біразы трансформация арқылы сын есімге тән мән-мағынаға ие болған. Трансформация жолымен сын есімге айналған сөздер құрамындағы аффикстер қазіргі тілде етістік тұлғалары болып қолданылуы да бар. –қын, қан тұлғалы сын есімдер сондай: босқын, тұтқын, сатқын т.б. Бұл тұлға күрделеніп те келеді: Жатаған, тебеген, алаған, берген. Бір-біріне фонетикалық варианттар болатын мұндай тұлғалар етістіктер құрамында өткен шақтық есімше мәнін береді. Осы топқа –у тұлғасы да жатады. Бұл тұлға қимыл әрекеттің, істің атын білдіретін қимыл есімдерін жасайтыны белгілі. Осы тұлғалы көп сөздер мағыналық ерекшеліктеріне лайық сын есімге айналған: жарау, қызу, қою, жүдеу, бітеу, бояу, ояу т.б. Мұндай сөздер өздерінің бұрынғы есімше және қимыл есімі мәндерін жоғалтпаған, олардың аффикстері де етістіктер құрамында сол қызметте (есімше және қимыл есімі) жұмсалады. Осы тұлғалас біраз сөздер ғана лексикалық мағынасына және қолданылу ерекшеліктеріне қарай сын есімге тән мән-мағынаға ие болып, сын есімге тән қызметте жұмсалып қалыптасып кеткен. Олардың біразы (әсіресе –у тұлғалы сөздер) зат есімге айналуы да кездеседі. Сөйтіп бұл жерде трансформация процесін яғни, сөздердің грамматикалық ауысуын жаңа мәнге ие болу құбылысын көреміз [4, 197].

Қазіргі тілімізде етістіктермен үндес, мағыналас және тұлғалас сын есімдердің қалыптасуы, сонымен, адъективация және трансформация процесстерімен байланысты. Әуелі істің атын объектісін, сапылық ерекшелігін білдіретін қимыл есімдері тілдің даму барысында сын есімдерге ауысты да, оның ерекше лексикалық тобы ретінде орнығып қалды. Сын есімдердің қалыптасуындағы бұл процесс әлі де тоқталған емес. Сын есімнің мағыналық осы тобы кейін де осы тәсілдер арқылы толығып отырады. Оның себебі мынада: тілдің даму барысында жеке грамматикалық тұлғаларды қолдану, олардың жұмсалу сферасының кеңейіп не тартылуы кейден аналогия (ұқсастыру) жолымен де жүреді. Етістік негізді кейбір аффикстердің қазіргі өнімді, кең қолданылатын қосымшалар тобында қала беруі соның салдары. Бірсыпыра аффикстердің сын есім мәнінде өнімді қосымша болып қолданыла бастауына дейін-ақ есім туынды сын есімдер және адъективацияланған қимыл есімдері дербес сөз тобы болып қалыптасты. Алдыңғы топқа жататын сөздер түбір және қосымшаға айқын жіктеледі. Тіл қолдану стихиясында дайын үлгіге еліктеу, оған деңгейлестіріп айту әрқашан болатын тенденция. Есім туынлы сын есімдерге, ондай-ақ сын есім мәнін алған қимыл есімдеріне аналогия жасаудың негізінде бір кезгі қимыл есім аффикстерінің біразы сын есім жасайтын тәсілдер ретінде орнығады. Қазіргі тілдегі –қы, -қ, (-ық), т.б. етістіктерден сын есім жасайтын қосымшалар қатарына жатқызылып жүрген аффикстердің кең қолданылатын тәсіл есебінде орнығуы осы құбылыстың салдары [5, 197].

Қимыл есім жасаған тұлғалар көне түркі тілдерінде мол болсада, қазіргі тілдерде олардың кейбірі жоғалып, кейбір жек сөздер құрамында жұмсала алатын өнімсіз, көнерген тұлғалар. Бұған қарағанда қимыл есім сақталып, тұрақталып, өнімді тәсіл ретінде орнығады. Мәселен, өнімділер қатарына жатқызылып жүрген -қ (-ық, -ік, -к) аффиксі зат есімдердің құрамынан да ұшырасады. Осы аффикстің етістік түбірден іс-әрекет, құбылыс, қимыл, құрал атауын (іс-әрекетке ұшырайтын объект) жасауы бірінші қызметі де, сапалық, сындық мән-мәнерді білдіруі екінші кезекті құбылыс. Сын есімдер құрамында -қ аффиксінің өнімді тәсілі ретінде орнығуы, сонымен, осы тұлғалас зат есімдерге ойысып жатады. Дұрысында, осы тұлғадағы зат есімдер іс-құбылыстың атауы да, сын есімдер сол қимыл әрекеттің сапалық атауы. Мысалы: суық – әрі құбылыс атауы, әрі сол құбылыстың сапалық аты, тістеуік – зат, құрал аты әрі оның басқа құралдардан ерекшелігін білдіреді.

Сонымен, қимыл есім тұлғаларының кейбірінің сын есім жасайтын өнімді тәсілі есебінде қалыптасып қалуы басқа сөздер құрамындағы сондай тұлғалармен аналогия жасаудан туса керек. Алайда, қазіргі қазақ тілінде етістік түбірден сын есім жасайтын жалаң,

өнімді аффикстер көп те емес. Осы тұлғалардан басқалары тек қана құранды, күрделі түрде кездеседі. Және ондай құрандылардың алдыңғы компоненті әрқашан тікелей етістік түбірге жалғана алатын аффикстер де соңғы компоненті тек есімдерге жалғана алатын аффикстер. Сонда сөз құрамының мағыналық және морфологиялық мынадай дамуы болған: етістік (түбір) + аффикс (қимыл есімі зат есім) (+аффикс) сын есім). Ондай аффикстердің көбі-ақ қазіргі тілдің нормасы тұрғысынан да дербес қолданыла алатын компоненттерге бөлінеді (мысалы: -мақ:(қимыл есімі), - сақ (сын есім) [2, 197].

Сын есімдердің жасалуындағы осы ерекшеліктер, негізінен күрделі сын есімдер құрамында да көп өзгеріссіз қайталады.

Адъективацияланатын тіркестердің негізгі түрлері мынадай: соңғы компоненті есімше тұлғалы етістік: қанішер, қаныпезер, ашық райлы етістік: қырып сал, алып қаш (мұның алып қашпа дейтін варианты да бар), етек басты, бала басты (әйел), күн қақты, ат соқты (бұлардың құрамындағы – лы аффиксінің варианты болмаса керек). Кейде бірыңғай мәнде айтылған (бірыңғай баяндауыш ыңғайында жұмсалған) етістіктер тіркесі де адъективацияланып, бірігіп кетеді: ұрдажық (ұр да жық). Зат есім мен зат есім, сын есім мен зат есім тіркесі де адъективацияланады. Әдетте, мұндай тіркестердің бірінші компоненті екінші компоненттің метафорасы, эпитеті болып ұғынылады: тас бауыр, су жүрек (осының дұрысы зу жүрек емес пе екен?), без бүйрек, желаяқ, өркөкірек, тоңмойын, арамтамақ, ақкөңіл, кең пейіл, ала көңіл, кам көңіл, ақ жүрек, боз кеуде, ашкөз, ашық қол(адам), шоқпар бас т.б. Зат есім мен зат есім тіркестерінің компоненттері грамматикалық дербестігін сақтағанмен, лексикалық бүтін болып ұғынылып, күрделі сынды білдіреді. Мұндай тіркестер түгелдей адъективацияланады. Алдыңғы компонентті сын есімдерден жасалған тіркестердің соңғы – зат есім компоненті алдыңғы компоненттің мағынасына ұласады. Есімдерден құралған, бірінші компоненті екінші компоненттің субъектісі, ал екінші компонент оның предикаты сияқты ұғынылатын, предикативтік қатынасты білдіретін тіркестер де бүтіндей адъективацияланып, күрделі сын есімдерге айналады. Мысалы: басы бос (әйел), алды кең (кісі), қолы бос (кісі), қолы ашық, жүзі жылы (мұның жылы жүзді дейтін варианты бар), түсі жылы (кейде заттанып, түсі жылыдан түңілме түрінде де кездеседі), қарны тоқ, қарны аш, тілі майда, көзі ашық, көңілі ояу, жүзі сынық, т.б. Бұлардың қайсысы да бастауыш, баяндауыш тіркесі болып құралған, қолданылу барысында адъективацияланып, сын есім мәніне ие болған.

Қорыта келгенде, негізгі және туынды сын есімдердің дамуында айтарлықтай ерекшеліктер жоқ. Байқап отырсақ, жоғарыда көне түркі, орта түркі жазбаларында қолданылған қосымшалар тілімізде негізінен сақталған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 372 б.
- 2 Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 640 б.
- 3 Шәкенов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есімнің категориясы. – Алматы: Мектеп, 1961. –197 б.
- 4 Төлеуов Ә. Сөз таптары. – Алматы: Мектеп, 1963. – 223 б.
- 5 Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: Ғылым. 1967. – 442 б.

Муратова Аяулым Оралқызы

«Bolashaq» академиясының 2-курс магистранты, Қарағанды қ.

ҰЛТТЫҚ ТІЛІМІЗДІҢ КӨРКЕМДІК КӨКЖИЕГІ

Жер бетіндегі адамзат баласының болашақ үшін қоғамдық, мәдени-әлеуметтік, экономикалық, тағы басқалай күрестері, сан ғасырлық тарихы, рухани жаңғырулары ұрпақтан-ұрпаққа сол ұлттың тілінде сақталуы арқылы жетеді. Ана тілінің өміршеңдік қызметінің қуаты мен құдіреті негізінде жаңа ұрпақ ұлтымыздың көне тарихы мен мәдениетін дұрыс танып білуге бастау алады. Осы бастаулар кешенді тіл ғылымының